

«ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛЫҚ ДАМУ НЕГІЗДЕРІ» ПӘНІН ОҚЫТУДА СТУДЕНТТЕРДІҢ ТРАНСВЕРСАЛЬДІ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

*Альдибекова Ш.Н.,¹ Капсанова Г.Б.,² Жұбандықова А.М.³

*¹п.ғ.к., аға оқытушы, Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ, Алматы,
Қазақстан

e-mail: sholpa_2811@mail.ru

²б.ғ.м., аға оқытушы, Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ, Алматы,
Қазақстан

e-mail: kapsanova_g@mail.ru

³п.ғ.к., профессор м.а., ҚазҰҚПУ, Алматы, Қазақстан

e-mail: akgul71@mail.ru

Андатпа. Бұл мақалада жоғары оқу орындарында білім алушылардың қазіргі трансверсальді құзіреттілігін дамытудың маңыздылығы, сонымен қатар, болашақ мамандардың «Жеке тұлғалық даму негіздері» пәнінен трансверсальді дағдыларының даму деңгейі мен дамытудың мүмкіндіктері қарастырылады. Заманауи қоғам талабына сай жоғары оқу орындарында білім беру жүйесі білім алушыларды бәсекеге қабілетті тұлға ретінде қалыптасуына бағытталған трансверсальді құзіреттіліктердің компоненттері мен әдістері талданады. Қазірге әлем кеңістігінің түрлі білім беру саласы өзекті деп танып, басты назарында ұстап отырған және оны білім берудің жаңа жүйесіне ендіру қажет деп анықталған келесі трансверсальді құзіреттіліктердің жиынтығы: сыни және инновациялық ойлау, жоғарғы шығармашылықта ойлау, коммуникативті құзіреттіліктер, цифрлық және ақпараттық сауаттылық, жағдаяттарды тез шешу, ұжымда және командада жұмыс жасай білу біліктілігі, шығармашылық идеяларды дамыту, инновациялық жобаларды басқару, нарықты талдау, бизнес үлгілерін жасау, стресске төзімділік, табандылық, мотивация, эмпатия, адалдық, жаһандық азаматтық, хабардарлық, төзімділік, ашықтық, құрметтеу, мәдениетаралық түсінік, қақтығыстарды шешу қабілеті, қоршаған ортаға құрмет және т.б. бірыңғай жүйеленді. «XXI ғасыр дағдылары, «икемді дағдылар» (soft skills) және «ғаламдық дағдылар» мен «өмір сүру дағдыларының» трансверсальді құзіреттіліктері мен байланысы сарапталады.

Трансверсальді құзіреттіліктер ғылыми әдебиеттерде, оқыту үрдісінде қолданылу заңдылықтарына қарай талдаулар жасалды, бір қызмет саласынан екінші бір салаға тез бейімделуі, заманауи еңбек нарығында жетістіктерге қол жеткізуде негізгі рөл атқаратындығымен ерекшеленетіндігі ғылыми негізде дәлелденеді.

Шетелдік ғалымдардың еңбектерін талдау жасай отырып, трансверсальді құзіреттіліктердің жүйесі құрастырылды, бес негізгі компоненті және олардың мазмұндық ерекшелігі анықталды.

Сонымен қатар, зерттеу жобасы сауалнама негізінде жүргізілді. Зерттеуге 50 студент қатыстырылды. Зерттеу нәтижесінде «Жеке тұлғалық дамыту негіздері» пәнін оқытуда трансверсальді құзіреттіліктің қалыптасу және даму деңгейі анықталып, талдау жасалынды.

Тірек сөздер: Трансверсальді дағдылар, трансверсальді құзіреттіліктер, сыни және инновациялық ойлау, жоғарғы шығармашылықта ойлау, коммуникативті құзіреттіліктер, цифрлық және ақпараттық сауаттылық, еңбек нарығы, қалыптастыру

Негізгі ережелер

Зерттеу жұмысымызда бүгінгі таңдағы ЖОО-ның негізгі миссиясы – қоғамды мамандармен қамтамасыз ету ғана емес, сондай-ақ, қоғамның барлық қажеттіліктерін қанағаттандыра отырып, цифрлық технологияларды қолдана алатын, еңбек нарығына икемді, креативті, ұжымда жұмыс атқара алатын және өз бетінше шешім қабылдауға қабілетті, өз кәсібінің шебері болумен қатар, азаматтық, мәдениетаралық танымдары арқылы қоғамға жаңаша серпін бере алатын кәсіби мамандар дарлау да трансверсальді құзыреттілігін қалыптастыруды басшылыққа алдық.

Кіріспе

Қоғам бүгінгі таңда әлем көз ілеспес жылдамдықпен өзгеріп жатыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» Жолдауында «кәсіби білім берудің бүкіл жүйесін еңбек нарығында сұранысқа ие білікті мамандар қалыптастыруға бағыттаған дұрыс, себебі болашақ жастарымыз терең білімді болуы үшін кез келген істі жүзеге асыра алатындай кәсіби дағдыларды сертификаттау мәселелерін қарастыру қажет» деген қорытындысынан, әр заманның өз міндеті, ұрпаққа қояр талабы бар, мемлекеттің дамуы-ұрпақтың уақыт талабына сай бейімделіп, мәдени ортаға қалыптасуға деген ұмтылысына байланысты екенін көздейді[1]. Еңбек нарығында құзыретті және бәсекеге қабілетті мамандарды дайындау экономикалық дамыған елдер үшін басты міндет болып табылады. Ғалым Белл Робиннің пайымдауынша, бұл бағыттағы білім сапасы дамушы елдердің де экономикалық жағдайын көтеруге ықпал ете алады[14]. Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалатыны белгілі, сондықтан, бүгінгі таңның талабы қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасыр дағдыларына ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін жетік білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар тұлғаның дамуына, алға басуына сөзсіз қажетті алғы шарттардың санатында». Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы», – деп тұжырымдалған болатын [2].

Осы орайда, мемлекеттің «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауында мобильділік, креативтілік, коммуникативтілік тәрізді дамушы қоғамның жаңа қағидаларына жауап беретін оқытудың инновациялық жаңа технологияларын енгізу керектігі қарастырылған болатын. Қазақстандық «Білім берудің: креативтілікті, сыни ойлауды, коммуникативтілікті дамытуға және командада жұмыс істей білуге басты назар аудару» керек екендігі осы жолдауда көрініс тапқан еді. Аталған моделдің басты төрт құрылымы біздің тақырыбымызға негіз болып отырған трансверсальді құзыреттіліктің компоненттерімен тығыз байланысты екендігін аңғаруға болады.

Трансверсальді дағдылар терминологиясы мен жіктелуі әртүрлі

болғанымен, зерттеулер көрсеткендей, олар ең алдымен өндірісте, адамның еңбекке қабілеттілігін арттыратын кәсіпкерлікте көрінеді. Бұл тағы бір ерекше дағдылар жиынтығы болып саналады. Сонымен қатар, трансверсальді дағдылар білім беру жүйесінде кеңінен қолданылады, яғни білім беру парадигмасында-21 ғасырдағы дағдылар болып саналады. Одан басқа трансверсальді терминінің мағынасы әрбір ғылым саласында әртүрлі мағына беретінімен ерекшеленеді. Мәселен, ЮНЕСКО-ның энциклопедия глоссарийінде «ұйымдастырушылық дағдылар» деп анықтама берген [4].

Соңғы кезде бұл дағды өзгерістерге сәтті бейімделу және толыққанды және сапалы өмір сүру үшін сұранысқа ие бола бастады. Соңғы жылдары Еуропалық Одақ елдерінің жоғары оқу орындарында трансверсальді дағдыларды дамытудың негізгі моделі ретінде өзін-өзі оқыту, өмір бойы оқыту және жан-жақты қолжетімді ақпараттан қажетті ақпаратты таңдау мүмкіндігі қолға алына бастады. Кейбір сөздіктерде «трансверсальді құзыреттіліктер-кең ауқымды кәсіптер мен салаларға қатысты дағдылар» және олар 21 ғасырдың негізгі, жалпы кәсіби, әмбебап немесе құзыреттілігі ретінде қарастырылады [2].

Сонымен қатар, теориялық дереккөздер, нормативтік құжаттардың талдау нәтижесі көрсеткендей, қазір трансверсальді құзыреттілік ұғымының мәні, олардың жұмыс іздеушілердің де, білім алушының да серіктестік қарым-қатынас контекстінде иелік ету деңгейін сипаттайтын құрылымдары ашық күйінде қалып, ғылыми ізденісті қажет етеді.

Материалдар мен әдістер

Еліміздегі жоғары оқу орындарының трансверсальді құзыреттілік концепциясының қалыптасуы мен даму деңгейлерін және оқыту бағдарламаларына қаншалықты кіріктірілгендігін анықтау мақсатында сауалнама жүргізілген болатын. Сауалнама респонденттің академиялық білімі, респонденттің трансверсальді дағдылар, құзыреттілік туралы мәліметтері және олардың қалыптасуы мен дамуы және трансверсальді дағдыларды бағалау сынды аспектілерге қатысты 8 сұрақ қамтылды. Аталған тест сұрақтар жобасының сауалнамасы қазақ тіліне жүргізілді.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы: ұсынылған мақаланың негізгі әдістері ғылыми, теориялық және әдістемелік әдебиеттерді зерттеудің аналитикалық-синтетикалық және салыстырмалы әдістері, әлеуетті студенттер үшін ашық сауалнамалар, сондай-ақ трансверсальді дағдыларды дамыту мәселелерін қарастыратын зерттеу жұмысы болып табылады.

Экономикалық өркениетті қоғамның басты сұраныстарының бірі - студенттердің бойында коммуникативтілік және толеранттылықтың болуы деген тұжырымдарға сүйенсек, трансверсальді құзыреттіліктің компоненттері көп ғалымдардың еңбектерінде кәсіби-тұлғалық сапаларының бірі ретінде қарастырылуда. Бастапқыда «трансверсальді құзыреттілік» кәсіби біліммен байланысты және негізі кәсіптік білім беру, нарықтық және экономикалық сауалдарға байланысты қолданысқа енген термин болатын [4].

Алғаш «Трансверсальді құзыреттілік» концепциясы 1970 жылдардың

басында Еуропадан бастау алған. Ал аталған концепция 1972 жылы Э.Фордың «Learning to be: The World of Education Today and Tomorrow» атты баяндамасында қолданылды. Автор бұл тұста, негізгі жеке екі идеологияны ұсынған болатын, «үздіксіз білім алушы» және «білім алушы қоғам» (Dreimane, 2017) [5].

Трансверсальді дағдылардың терминология мен классификациясы әр түрлі болғанымен, нақтыланған зерттеулерде көрсетілгендей, ең алдымен жеке тұлғаның жұмысқа қабілеттілігін арттыратын іскерлік құзіреттілігінен көрініс табады. Бұған қоса, басқа да ерекше дағдылар жиынтығы ретінде де қарастырылуда.

Сондай-ақ, трансверсальді дағдылар-XXI ғасыр дағдылары, икемді дағдылар (soft skills) және «ғаламдық дағдылар» деп те қолданылуда. Олар сыни тұрғысынан ойлау, көшбасшылық, ақпараттық-цифрлық құралдарды жете меңгеріп, пайдалану, мәселелерді шешу және командада жұмыс істеу қабілеттерін құрайды. Бұл дағдылар «жеке тұлғаның дамуының негіздері» және кез келген білім мен дағдыларды қалыптастырудың маңызды бөлігі болып табылады [8]. Трансверсальді дағдылар – нақты бір салада кеңінен қолданысқа еніп, қарыштап дамиды, басқа сфераға оңай бейімделе алатын қабілеттер жиынтығы. Бұл дағдылар жеке тұлғалар үшін тек оқу немесе қызмет барысында ғана емес, күнделікті өмірде де нәтижелі жұмыс болуы үшін қажет.

Мақала аясында біз "трансверсальді құзыреттілік" ұғымының жекелеген аспектілерін анықтайтын болсақ, білім алушының қарым-қатынасының теориялық негізін құрайтын және маманның кәсіби қызметінің сәттілігіне айтарлықтай әсер ететін трансверсальді құзыреттіліктердің мәніне, құрамына қатысты халықаралық тәжірибенің дамуымен астастыра түйіндейміз.

Қазақстандық зерттеушілер арасынан Т.Отарованың еңбегіне сүйенсек, «білім берудегі жаһандық үрдістерге байланысты құзыреттер мен дағдылар арасындағы өтпелі дағдылар, маңыздылық, мазмұн және өзара байланыс» сияқты талдауына куә боламыз [12].

Т.Отарова өз мақаласында жоғары оқу орындарының студенттерінде трансверсальді құзыреттілікті дамытудың маңыздылығын талқылай келе, дамушы қоғамға сәйкес білім беру жүйесі оқушыларды азамат ретінде қалыптастыруға бағытталған трансверсальді құзыреттілік компоненттері мен әдістерін талдап көрсетеді.

21 ғасырдағы дағдылар немесе "өмірлік дағдылар" мен трансверсальді құзыреттілік арасындағы байланысты көрсетіп берген ғалым -Воросе Охансон, бұл құзыреттер ғылыми әдебиеттерде және оқу процесінде келесі атаулармен кеңінен қолданылатындығын атап кетеді: жалпы құзыреттер, стратегиялық құзыреттер және негізгі құзыреттер [13].

И. Фрумин, М. Добрякова, К. Бараннаков, И. Реморенко, "XXI ғасырдың дағдылары" үшін әртүрлі терминдерді қолданудағы айырмашылықтарды анықтаса, (икеңді дағдылар, әмбебап әрекеттер және т. б.), Терминологияда «key competencies» терминін ұстануды ұсынады және бұл термин еуропалық стратегиялық құжаттарда әр маманға еңбек нарығында, әлеуметтік инклюзия

мен белсенді азаматтықты дамыту және өзін-өзі жүзеге асыру үшін қажет деп белгілеу үшін дәйекті түрде қолданылатынын атап өтеді [13].

Осы зерттеулерден әртүрлі тәсілдерді тұлғаның трансверсивтілігі тез бейімделу және бір қызмет саласынан екіншісіне ауысу қабілетімен сипатталады және еңбек нарығында жетістікке жетуде шешуші рөл атқарады деп болжауға негіз болды. Сонымен қатар, ғалымдар трансверсальді құзыреттіліктерді «оқытуды трансверсальді» қамтамасыз ететін, яғни адамның алған білімін, дағдылары мен метакогнитивтік қабілеттерін нақты өмір жағдайлары мен әртүрлі кәсіби жағдайларды шешуге ауыстыратын және кәсіпте, өмірде және қоғамда өзін-өзі жүзеге асыруға ықпал ететін құзыреттер тобы ретінде сипаттайды.

Erasmus + eu жобасы аясында тағы бір "keystart2work" халықаралық зерттеуінің нәтижелерін келтірейік. Сауалнама деректерін талдау, сұхбат және т.б. нәтижесінде "трансверсальді компаниялардың каталогын құрастырған болатын. Жұмысқа орналасу кілті" ("Трансверсальді құзыреттілік анықтамалығы"), онда келесі компоненттердің сипаттамасы берілген: мәдениетаралық дағдылар және жаһандық хабардарлық; икемділік пен бейімделу; стратегиялық және инновациялық ойлау; ұйымдастырушылық дағдылар және уақытты жоспарлау; шешім қабылдау қабілеті, топта жұмыс істеу қабілеті, қарым-қатынас құру қабілеті; мәселелерді шешу қабілеті; оқытуға бағдарлану; келіссөздер жүргізу дағдылары; көшбасшылық дағдылар; ақпаратты жинау және өңдеу қабілеті [9]. Зерттеушілер Э.Кер, Р.Лоо әр шеберлік тобын белгілі бір нәрсе ретінде қабылдауға болмайтынын, тұрақты және өзара эксклюзивті қасиеттер жиынтығын атап өтіп, жеке тұлғаның біртұтас дамуы үшін қажет жаңа дағдылардың пайда болуын атап көрсетеді [11].

Көптеген ғалымдардың пікіріне сүйенсек, дағдылардың жан-жақты құзыреттіліктерін төмендегідей етіп жіктейді: ойлау (таным) құзыреттілігі, әлеуметтік құзыреттілік (басқа адамдармен өзара әрекеттесу); өзара әрекеттесу құзыреттілігі [эмбебап]. Ойлау (таным) құзыреттілігі есепті түсіну талдау және түсіндіру, фактілер массивіндегі заңдылықтар мен жылуды іздеу және анықтау категорияларында көрініс табады; идеяны қалыптастыру-идеяны жаңа контексттерге көшіру; бірнеше шешімдері бар жабық есептерді қоса алғанда, күрделі есептерді шешу тәсілін таңдау. Әлеуметтік патенттілік (басқа адамдармен өзара әрекеттесу) бірлескен және өзара әрекеттесу, көшбасшы және топ мүшесі ретінде қарым-қатынасты сақтау қабілеті ретінде қарастырылады. Өз ұстанымын сақтау-басқалардың мүдделерін құрметтеу, жанжалдарды шешу. Өзімен бірге құзыреттілік сіздің эмоцияларыңызды тану және басқару, уақытты жоспарлау, мақсат қою қабілетін білдіреді. Біртұтас құзыреттілік құрылымының бұл көрінісі оқушының шешім қабылдауына, әрекет етуіне және күнделікті мәселелерді шешуіне, әртүрлі жағдайларда жаңа қиындықтарға бейімделуіне, өз бетінше үйренуге қабілетті болатын білім беруді қамтамасыз етуге арналған. Сондықтан болашақ қандай болуы керек, болашақ мамандарды даярлаудағы қоғамдық сұраныс пен еңбек нарығының талаптарын

канағаттандыру үшін қандай трансверальді құзыреттерге ие болуы керек деген сұрақ туындайды. Бұл сұрақтарға жауап ретінде білім беру бағдарламалары аясында студенттерге қойылатын талаптарда көрініс табуы мүмкін деген қорытынды жасадық.

А.Олейникова зерттеулерге талдау жасай отырып, студенттерді оқыту үшін маңызды трансверальді құзыреттіліктерді атап өтті: сыни ойлау және білім мен мәдениеттің тасымалдаушысы ретінде әрекет ету, өз оқушылары мен өзін-өзі кәсіби дамытуға ықпал ету, өз міндеттерін этикалық және кәсіби түрде орындау, оқыту және оқыту жағдайларын дамыту және модерациялау, оқу процесінде арнайы қажеттілікті талап ететін студенттерді бейімдеу, ақпараттық технологияларды кәсіби қызметке біріктіру, мәселелерін шешу үшін әріптестерімен ынтымақтастық орнату.

Зерттеу тақырыбымызға байланысты әдебиеттік зерттеу нәтижесін негізге ала отырып, трансверсальді дағдылардың төмендегідей жүйесін құрастырдық:

- мәдениетаралық дағдылар;
- икемділік пен бейімделу;
- стратегиялық және инновациялық ойлау;
- ұйымдастырушылық дағдылар және уақытты жоспарлау;
- шешім қабылдау қабілеті;
- командада жұмыс істеу қабілеті;
- эмпатия / қарым-қатынас құра білу;
- мәселелерді шеше білу;
- оқытуға бағдарлау;
- келіссөздер жүргізу дағдылары;
- көшбасшылық дағдылар;
- ақпаратты жинау және өңдеу қабілеті.

Сонымен қатар, ЮНЕСКО анықтамасына сәйкес және көптеген ғалымдардың зерттеуіне сүйеніп біз, трансверсальді құзыреттілік терминіне мыналар жатады деп топтастырдық: сыни және инновациялық ойлау, креативтілік, кәсіпкерлік, коммуникативтілік, тапқырлық, білімді қолдану дағдылары, рефлексивті ойлау, негізделген шешім қабылдау; тұлғааралық дағдылар: презентациялық және коммуникациялық дағдылар, көшбасшылық, ұйымдастырушылық дағдылар, командада жұмыс істеу, ынтымақтастық, бастама, тұлғашылық дағдылар, өзін-өзі тәрбиелеу, ынталану, табандылық, мотивация, эмпатия, адалдық, жаһандық азаматтық, хабардарлық, төзімділік, ашықтық, құрметтеу, мәдениетаралық түсінік, қақтығыстарды шешу қабілеті, қоршаған ортаға құрмет[8].

Шетелдік ғалымдардың еңбектерін талдау жасай отырып, біз трансверсальді құзыреттіліктің 5 негізгі компонентін және олардың мазмұндық ерекшелігін анықтауға мүмкіндік алдық: 1. Негізгі кәсіби дағдылар (Job-related basic skills): негізгі дағдылар: сауаттылық, санау, ауызша және жазбаша қарым-қатынас, акт және компьютермен жұмыс істеудің негізгі және кәсіби

дағдылары, кәсіби саладағы негізгі білім мен дағдылар;

2.Өзін-өзі басқару дағдылары (өзін-өзі басқару дағдылары): проблемаларды шешу дағдылары, аналитикалық дағдылар, өмір бойы оқу дағдылары, сыни ойлау дағдылары, ұйымдастырушылық дағдылар, уақытты басқару дағдылары, шешім қабылдау дағдылары, позитивті көзқарас және мотивация, теорияны іс жүзінде қолдана білу, өз бетінше жұмыс істеу қабілеті, эмоционалды интеллект, мансапты басқару дағдылары, көпсалалы білім, көп тапсырма;

3.Әлеуметтік дағдылар (Socio-relational skills): ұжымда жұмыс жасай алу дағдылар, тұлғааралық дағдылар, шет тілдерін білу, ауызша презентация дағдылары, келіссөздер жүргізу дағдылары, Білім алмасу дағдылары және ынтымақтастық, әртүрлілік пен көп мәдениетті жұмыс істеу қабілеті, желілік дағдылар, халықаралық контексте жұмыс істеу қабілеті;

4.Кәсіби дағдылар (Entrepreneurship skills): көшбасшылық қасиеттер, шығармашылық және инновациялық дағдылар, жобаларды жобалау және басқару дағдылары, бастамашылық және кәсіпкерлік рух, тәуекелге бару қабілеті;

5.Әлеуметтік және кәсіби жауапкершілік дағдылары(Social and professional responsibility skills): этика, жауапкершілік, кәсібилік, жұмыстың сапасы мен жақсаруына қамқорлық, әлеуметтік сана мен жауапкершілік, экологиялық тұрақтылық туралы хабардар болу, денсаулық пен қауіпсіздікке адалдық, гендерлік хабардарлық.

Бірінші компонент, жұмысқа байланысты трансверсальді дағдылар, жұмысты тиімді орындау және таңдалған кәсіби салада өнімділікті қамтамасыз ету үшін қажетті білім мен дағдыларды біріктіреді. Бұл ЖОО-лар өздерінің күш-жігерін шоғырландыратын, болашақ түлектерге жұмысқа дайындықты қамтамасыз ететін "кәсібилендірудің" айқын кәсіби тәсілі арқылы білім мен дағдыларды игеруді ынталандыратын білім беру бағдарламаларын әзірлейтін құзыреттіліктің дәстүрлі өлшемі.

Екінші өлшем, өзін-өзі басқару дағдылары түлектерге кәсіби және жеке өмірінде өзін-өзі басқаруға және өз бетінше әрекет етуге мүмкіндік беретін негізгі дағдыларды қамтиды. Бұл негізгі өлшем, өйткені ол түлектерге әлеуметтік-кәсіби әлемге бейімделуге және өмір бойы шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Бұл өлшем өмір бойы оқу дағдыларына сәйкес келеді.

Үшінші өлшем, әлеуметтік дағдылар, жаһандық орта, келісімді және түсінуді қажет ететін жағдайлар мен контекстерге жауап берудің негізгі дағдыларына қатысты. Оған командада жұмыс істеуге бағытталған және әртүрлі әлеуметтік-кәсіби жағдайларда ортақ мақсаттарды көздейтін әрекеттер арқылы ғана мүмкін болатын әлеуметтік қатысуға қол жеткізуге бағытталған құзыреттер кіреді. Мұның қаншалықты маңызды екенін ескере отырып, университеттер түлектердің жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін жақсарту стратегиясы ретінде университеттік білім беруде бірлесіп оқытуды ынталандыруы керек .

Төртінші бағыт, кәсіби дағдылар, бұл жұмыс істеу үшін қажетті дағдылар

екені анық, өйткені көшбасшылық, бастама және шығармашылық экономикадағы инновацияларға ықпал етеді. Бұл жоғары оқу орындары үшін түлектердің кәсіпкерлік қызметін жақсартуға бағытталған нақты бағдарламаларды оқу жоспарларына енгізу маңызды екенін білдіреді, өйткені бұл жұмысқа орналасу мәселесінің негізгі аспектісі болып табылады.

Ал, бесінші өлшем, әлеуметтік және кәсіби жауапкершілік дағдылары бәсекеге қабілетті адал және әлеуметтік жауапты тұлға қажеттілігімен байланысты. Бұл өлшем әлеуметтік жауапкершілікті ілгерілетуге және тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған.



Сурет 1 – Трансверсальді құзыреттілік компоненттері

Қорытындылай келе, университет қабырғасындағы студенттерге трансверсальді құзіреттіліктер қалыптастыру еңбек нарығына шыққан кезде бәсекеге қабілетті бола алады деп қорытынды жасауға болады. Мұндай дағдыларды меңгерген құзіретті түлектерді жұмыс берушілер де көбірек іздейді, өйткені олар жұмысшыларға бәсекелестік, жылдам экономикалық, демографиялық, технологиялық және экологиялық өзгерістер жағдайында күнделікті қиындықтарды жеңуге мүмкіндік береді. Сондықтан болашақ мамандарды жұмысқа орналастыру үшін маңызды дағдыларды дамытуды ескере отырып, білім беру саясатын және ЖОО-да білім беру бағдарламалары мен оқыту әдістерін қайта қарау қажеттілігі туындайды.

Нәтижелер және талқылау

Зерттеуге Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық қатынастар және Әлем Тілдері университетінің «Шығыстану» және «Педагогикалық шет тілдері факультеті» 2 курс студенттері қатыстырылды.

Зерттеудің мақсаты – студенттерге «Жеке тұлғалық дамыту негіздері» пәнін оқыту барысында трансверсальді құзіреттіліктерін және еңбек нарығында жетістікке жету жолдарын қалыптастыруға көмектесетін бағдарламалық-коррекциялық эксперимент жүргізу және студенттерге келесі қасиеттерді дамытуға бағыттау болды:

- ✓ кәсіби жоғары дайындық;
- ✓ сыни және инновациялық ойлау мен ой-өрісті қалыптастыру;
- ✓ шығармашылық ойлауға бағыт беру;

✓ цифрлық сауаттылық, ақпараттық сауаттылық, мәселелерді шешу;

✓ командада, ұжымда жұмыс жасау қабілеті, жұмсақ мінез қалыптастыру және ХХІ ғасыр дағдыларының немесе «өмір сүру дағдыларын» меңгеру;

Зерттеуге 50 студент қатыстырылып, сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижесінде, екі мамандық студенттерінің санындағы айырмашылыққа, сондай-ақ, мамандық ерекшеліктерге қарамастан, зерттеуге қатысқан студенттердің көптеген жауаптары бір бағытта тоғысты.

Студенттер төмендегідей сұрақтарға жауап беруі қажет болатын:

• Трансверсальді дағдыларды меңгеру барысын қандай деңгейде деп бағалайсыз?


• Қазіргі білім беру бағдарламасы трансверсальді дағдыларды қалыптастыру қажеттіліктеріңізге сәйкес келе ме?

• Сіздің ойыңызша, трансверсальді дағдыларды меңгеру қаншалықты қажет?

• Қазіргі трансверсальді дағдылар деңгейіңіз кәсіби дамуды сәтті бастау үшін жеткілікті ме?


• Бойыңызда бар трансверсальді дағдыларды ары қарай дамуда қандай жұмыстар жасайсыз?

Студенттердің берген кері байланысына, яғни сауалнама нәтижесіне көз жүгіртсек, университеттегі кәсіпкерлік білім 15,2%-ға жоғары, 58,2%-ға орташа, 27,6%-ға төмен деңгейдегі көрсеткішті көрсетті (Сурет 2).



Сурет 2 - Трансверсальді дағдылар білімді дамытуды қолдау көрсеткіші

Қазіргі қолданыста жүріп жатқан білім беру бағдарламаларының трансверсальді дағдылар қалыптастырудағы сәйкестілігі 40,2 %-ды құрайды, 35,7 %-ы сәйкес келмейтіндігін көрсетсе, ал 25,1 %-ы сенімді емеспін деген жауап берді (Сурет 3).



«Жеке тұлғалық дамыту негіздері» пәнін оқыту барысында трансверсальді құзіреттіліктерін дұрыс қалыптастырып, кәсіби сананы дамытудың 85,9% көрсетеді, ал өздерінің кәсіпкерлік ойлау деңгейлерін әлі де болса жетілдіру жеткіліксіз деп танып 14,1% кері байланыс орнатты (Сурет 4)



Сурет 4 - «Жеке тұлғалық дамыту негіздері» пәнін оқыту барысында трансверсальді құзіреттіліктерін кәсіби ой-өрістерді қалыптастырудағы диаграмма көрсеткіші

Студенттер өздерінің бойындағы бар қасиеттері: жауапкершілік 85,5%, көшбасшылық 61,5%, шығармашылық 56,6% құраса, стреске төзімділік 37,9%, тұлғааралық қабілеттер 47,8%, шығармашылық 35,7 % көрсетіп отыр.

1.Зерттеу барысында университеттедегі оқу бағдарламалары студенттердің трансверсальді дағдыларын дамытудағы қажеттіліктерін толық қанағаттандыра бермейтінін растайды. Бұл бағдарламалардың негізінен теориялық білім беруге бағытталғандығымен байланысты болуы мүмкін, яғни студенттерде кәсіби дағдыларды дамыту үшін жеткілікті түрде практикалық мүмкіндіктер қамтамасыз етілмейді. 2.Трансверсальді құзіреттілікке бағытталған білім беру студенттерге табысты еңбек нарығы үшін қажетті білім мен дағдыларды дамытуға көмектеседі. Шығармашылық идеяларды дамыту, инновациялық жобаларды басқару, нарықты талдау, бизнес үлгілерін жасау және т.б. Ғылыми зерттеулер университеттердегі білім беру бағдарламалары студенттердің трансверсальді құзіреттілігін толық қалыптастыру қажеттіліктерін әрдайым жеткілікті түрде қанағаттандыра бермейтінін растайды. Бұл қолданыстағы бағдарламалар теориялық білімді беруге бағытталғандықтан бірақ бұл білімді іс жүзінде қолдануға және кәсіби дағдыларды дамытуға жеткілікті мүмкіндіктерді бермеуіне байланысты болуы мүмкін. Осы тұжырымдарға және эксперимент нәтижесіне сүйене отырып, Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық қатынастар және Әлем Тілдері

университетінің 2 курс студенттеріне «Жеке тұлғалық дамыту негіздері» пәнін оқыту барысында трансверсальді құзіреттіліктерін дамыту үшін үшін «Жеке тұлғалық дамыту негіздері» пәнінде трансверсальді құзіреттіліктерін қалыптастыру» атты оқу-әдістемелік кешен жасалды. Мақсаты – студенттерде кәсіби қызмет саласында трансверсальді құзіреттіліктері мен дағдыларын дамытуды қамтамасыз ету. Міндеттері:

- ✓ студенттердің жаңа заманның білікті мамандарын даярлау;
- ✓ студенттерде кәсіпкерлік ойлауды және өз әлеуетін жүзеге асыру мүмкіндіктерін көре білу біліктілігін қалыптастыру;
- ✓ шығармашылық идеяларды ойлап табу және бизнес-жоспар құру дағдыларын қалыптастыру және оларды кәсіпкерлік әрекет деңгейіне дейін дамыту;
- ✓ болашақ мамандардың трансверсальді құзіреттіліктерін, дағдыларын дамыту жеке кәсіпкерлікке қызуғышылығын арттыру, жеке кәсіби өсуге үйрету, soft skills дағдыларын дамыту, өздігінен ізденуге тәрбиелеу.

Зерттеу дағдыларын қалыптастыру және заманауи ақпараттық технологияларды кеңінен қолдану.

Трансверсальді құзіреттіліктері дұрыс қалыптасқан болашақ мамандарға еңбек нарығында заман талабына сай дағдылардың болуы керек екенін атап өткен жөн [15]. Трансверсальді құзіреттіліктері қалыптасқан студенттер жұмыс істейтін компанияның немесе кәсіпорынның жобасын таңдай алады немесе өз жобасын ұсына алады. Сондықтан да білікті мамандарды қалыптастыру өзекті мәселе болып табылады. Бұл кәсіпкерлік ойлауды қалыптастыру арқылы ғана мүмкін болады. Ол келесі жеке қасиеттерді қамтиды: мотивация, белсенді көзқарас, жауапкершілік; шығармашылық; көпшілдік; стреске төзімділік [15].

Сонымен, студенттердің кәсіби өсуіне оң әсерін тигізетін бірден-бір пән екенін дәлелдеді:

- іскерлік дағдыларын дамиды;
- тәжірибе және білім алмасу;
- білімдерін кеңейтуге, озық тәжірибелер мен технологиялар туралы білуге, жобалары мен идеялары бойынша кері байланыс пен сындарлы кеңес алуға мүмкіндік береді.
- құнды кәсіби байланыстар мен серіктестіктер орнатуға мүмкіндік береді, бірлескен жобаларды дамытудың жаңа мүмкіндіктер ашады;
- инновациялық ойлауды дамыту: креативті ойлауға, жаңа тәсілдер мен шешімдер табуға, тез өзгертін білім беру ортасына бейімделуге үйренеді.
- Заманауи технологиялар мен әдістерді интеграциялау;
- Мансаптық өсу: оң әсер етуі мүмкін.

Қорытынды

Эксперимент нәтижелері бүгінгі таңда жұмыс берушілерге білікті мамандар қажет және еңбек нарығының қажеттіліктеріне тез жауап беретін білім беру жүйесімен жұмыс істейтіні анық. Ақпараттың жылдам ауысуымен

сипатталатын қазіргі жағдайда болашақ мамандар көптеген кәсіби салалар мен жағдайларға қолдануға болатын жалпы дағдылар мен бейімділіктерге ие болуы керек. Осы себепті студенттер әлемде болып жатқан тұрақты өзгерістерге тезірек бейімделе алатын икемді жұмыс күшін қамтамасыз етудің негізгі элементтері ретінде, трансверсальді құзыреттіліктерді игеруі керек. Мұны осы мақаланы дайындау кезінде зерттелген отандық және халықаралық зерттеулер растайды. Жалпы, Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде өтпелі құзыреттілікті дамыту студенттердің болашақ кәсіби табысы үшін шешуші мәнге ие деп есептеледі.

Трансверсальді құзыреттілік, ХХІ ғасыр құзыреттіліктері мен дағдыларына байланысты жұмыстарды қарастырып, талдау осы құзыреттіліктің сан қырлылығы мен көптеген компоненттерін анықтауға, сонымен қатар еліміздегі жоғары оқу орындарындағы студенттерде аталған құзыреттіліктердің қалыптасуы мен даму деңгейлерін айқындауға мүмкіндік берді. Ол «Трансверсальді құзыреттілік» және «Трансверсалды дағды» ұғымдарына қатысты теориялық негіздерді зерделеу оларды нақтылауға және жүйелеуге негіз болды.

Зерттеу мәселесін теориялық талдау қорытындысында жоғары оқу орындарының студенттері келесі дағдылар қалыптасуы керек деген қорытындыға келдік: зерттеу мәселесін теориялық талдау қорытындысында біз кәсіби-педагогикалық жоғары оқу орындарының студенттері келесі дағдыларға ие болуы керек деген қорытындыға келдік: өзін-өзі басқару дағдылары, қарым-қатынас дағдылары, кәсіпкерлік дағдылар, әлеуметтік және кәсіби жауапкершілік дағдылары.

Жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижелері негізінде, болашақ мамандарға трансверсальді дағдылар мен олардың болашақ кәсіби қызметтегі маңыздылығы туралы жүйелі білім жетілдіру керектігін атап кетуге болады. Бұл университеттерде өтпелі дағдыларды дамытуға бағытталған білім беру бағдарламаларын қарастыру қажеттілігін көрсетеді.

Қорытындылай келе, трансверсальді құзыреттіліктің болашақ мамандардың қызмет бабында, оқу үдерісіндегі маңыздылығын жоғарыда қарастырып кеттік, дегенмен бұл бір бағытта жүретін қарапайым үдеріс болып саналмайды. Бұл жан-жақты оқытушы мен студенттердің және де дәстүрлі, дәстүрлі емес оқыту түрлерінде де бірлесіп жұмыс атқару нәтижесінде қалыптасатын, дамитын дағдылардың жиынтығы болып табылады. Осы тұста ең алдымен, педагогтердің болашақ мамандарды дайындауда кәсіби құзыреттіліктерімен қатар, трансверсальді құзыреттіліктерді де қалыптастыруда алатын орны ерекше екендігі анықталды.

ӘДЕБИЕТ

[1] Отарова Т.Н. Трансверсалды құзыреттілік: білім беру жүйесіндегі маңыздылығы //ҚазҰУ Хабаршысы.Педагогикалық ғылымдар сериясы –2021. –Т. 66. –№. 1. –Б.20-27.

[2] Цветков С.В. Критерии прочности трансверсально-изотропных материалов различных классов симметрии структуры //Вестник Московского государственного технического университета им. НЭ. –2021. –С.124-142.

[3] Абдыхалыкова Ж.Е., Абибулаева А.Б., Сламбекова Т.С. Трансверсальность как образовательная парадигма //Педагогическое образование в XXI веке: приоритеты и поиски. – 2022. – С.59-63.

[4] Сламбекова Т.С., Абдыхалыкова Ж.Е., Отарова Т.Н. XXI ғасыр педагогтарына қажет трансверсальды дағдылар //«Theoretical hypotheses and Empirical results» – 2023. – Б.110-117.

[5]. Monica Tilea, Patrick Murphy. Transversal skills development in modern teaching practice, a good practice guide. ucurești: Pro Universitaria. –2015. – 36-49.

[6] Cedefop. European Training Thesaurus. - Luxembourg: Publications Office. – 2015. – S.45-58.

[7] Lana Franceska Dreimane. European Journal of Education Studies. –2017. - Том 3. Выпуск 10. – S.65.

[8] Amadio M. A rapid assessment of curricula for general education focusing on cross-curricular themes and generic competences or skills. //Teaching and learning: Achieving quality for all” –2013. – S.8-32.

[9] Whittemore. White paper transversal competencies essential for future proofing the workforce. –2018. – S.9-11.

[10] Керимханова Д. Дайджест исследований. - Департамент исследований, Назарбаев Интеллектуальные школы.–2017. - Выпуск №7.

[11] Langa C. The contribution of transversal competences to the training of the educational sciences specialists. //Procedia Social and Behavioural Sciences. – 2020. – S. 7-12.

[12] Игнатова Н.Ю. Образование в цифровую эпоху: монография. /М-во образования и науки РФ. - Нижний Тагил, 2017. – С. 25-36

[13] Кононова В. А. Трансверсальность: эволюция термина через призму корпусов и других контекстов //Вестник Пермского университета. Российская и зарубежная филология. – 2020. – Т. 12. – №. 2. – С. 34-42.

[14] Vázquez-Rodríguez.A., Quiroga-Carrillo.A., Priegue-Caamaño.D. Transversal competencies for employability in university graduates: A systematic review from the employers' perspective //Education Sciences. – 2022. - № 12(3). –S.196-204.

[15] Casquilho-Martins.I., Simões. E. Transversal competencies for employability: from higher education to the labour market //Education Sciences. –2022. - №12(4). –S.238-255.

REFERENCES

[1] Otarova T.N. Transversaldy quzyrettilik: bilim berý júesindegi maңызdylygy (Transversal competence: importance in the education system) //Qazuý Habarshysy.Pedagogikalыq gylymdar seriasy –2021. –Т.66. –№1. –Б.20-27. [in Kaz]

[2] Svetkov S.V. Kriteři prochnosti transversalno-izotropnyh materialov razlichnyh klassov simmetrii strýktýry (Criteria for the passage of Transversal-isotropic materials of various classes of symmetry structures) //Vestnik Moskovskogo gosýdarstvennogo tehničeskogo ýniversiteta im. NE. -2021. –S.124-142. [in Rus.]

[3] Abdyhalykova J.E., Abibýlaeva A.B., Slambekova T.S. Transversalnos kak obrazovatelnaia paradigma(Transversality as an educational PA-radigma) //Pedagogicheskoe obrazovanie v XXI veke: priorityty i poiski. – 2022. – S.59-63. [in Rus.]

[4] Slambekova T.S., Abdyhalykova J.E., Otarova T.N. XXI ғасыр педагогтарына қажет transversaldy daғдылар (Transversal skills necessary for teachers of the XXI century) //«Theoretical hypotheses and Empirical results». – 2023. – Б.110-117. [in Kaz]

[5] Monica Tilea, Patrick Murphy. Transversal skills development in modern teaching practice, a good practice guide. ucurești: Pro Universitaria. –2015. – 36-49.

[6] Cedefop. European Training Thesaurus. - Luxembourg: Publications Office. – 2015. – S.45-58.

[7] Lana Franceska Dreimane. European Journal of Education Studies. –2017. - Том 3.

Выпуск 10. – S.65.

[8] Amadio M. A rapid assessment of curricula for general education focusing on cross-curricular themes and generic competences or skills. // Teaching and learning: Achieving quality for all” – 2013. – S.8-32.

[9] Whittemore. White paper transversal competencies essential for future proofing the workforce. – 2018. – S.9-11.

[10] Kerimhanova D. Daidjest issledovaniı(digest issledovany). Departament issledovaniı, Nazarbaev Intellektýalnye shkoly. – 2017. – №7. [in Rus.]

[11] Langa C. The contribution of transversal competences to the training of the educational sciences specialists. //Procedia Social and Behavioural Sciences. –2020. – S. 7-12.

[12] Ignatova N.Íy. Obrazovanie v sıfrovııy epohı (Education in the digital age): monografiya /M-vo obrazovaniya i naúki RF. Nijniı Tagıl. - 2017. –S. 25-36 [in Rus.]

[13] Kononova V. A. Transversalnos: evolúsiya termina cherez prizmıy korpısov i drıgıh kontekstov (Transversality: evolution of the term through the prism of corps and other contexts) //Vestnik Permskogo úniversıteta. Rossiyskaya i zarıbejnaya filologiya. – 2020. – T. 12. – №. 2. – S. 34-42. [in Rus.]

[14] Vázquez-Rodríguez.A., Quiroga-Carrillo.A., Priegue-Caamaño D. Transversal competencies for employability in university graduates: A systematic review from the employers’ perspective //Education Sciences. – 2022. - № 12(3). – S.196-204.

[15] Casquilho-Martins.I., Simões. E. Transversal competencies for employability: from higher education to the labour market //Education Sciences. – 2022. - №12(4). –S.238-255.

ФОРМИРОВАНИЕ ТРАНСВЕРСАЛЬНЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ СТУДЕНТОВ ПРИ ИЗУЧЕНИИ ДИСЦИПЛИНЫ «ОСНОВЫ ПЕРСОНАЛЬНОГО РАЗВИТИЯ»

*Альдибекова Ш.Н.¹, Капсанова Г.Б.², Жұбандыкова А.М.³

*¹к.п.н., ст. преподаватель, КазУМОиМЯ имени Абылай хана, Алматы,
Казахстан

e-mail: sholpa_2811@mail.ru

²магистр биологических наук, ст. преподаватель, КазУМОиМЯ имени
Абылай хана, Алматы, Казахстан

e-mail: kapsanova_g@mail.ru

³к.п.н., и.о.профессора, Казахский национальный женский
педагогический университет, Алматы, Казахстан

e-mail: akgul71@mail.ru

Аннотация. В данной статье рассматривается важность развития современной трансверсальной компетенции обучающихся в высших учебных заведениях, а также уровень развития и возможности развития трансверсальных навыков будущих специалистов по дисциплине «Основы персонального развития». анализируются компоненты и методы трансверсальных компетенций, направленных на формирование обучающихся как конкурентоспособной личности в соответствии с системой образования в высших учебных заведениях, отвечающих требованиям современного общества. В настоящее время актуальным является совокупность следующих трансверсальных компетенций: критическое и инновационное мышление, высшее творческое мышление, коммуникативные компетенции, цифровая и информационная грамотность, быстрое решение ситуаций, умение работать в коллективе и коллективе, творческое мышление, определяемое как необходимое для внедрения в новую систему образования развитие идей, управление инновационными проектами, анализ рынка, создание бизнес-моделей, стрессоустойчивость, настойчивость,

мотивация, сочувствие, честность, глобальное гражданство, осведомленность, терпимость, открытость, уважение, межкультурное понимание, способность разрешать конфликты, уважение к окружающей среде и т. д. были систематизированы. Будут проанализированы «навыки XXI века», «мягкие навыки» (soft skills), «глобальные навыки», «трансверсальные компетенции» и взаимосвязь «навыков жизни».

Проанализированы трансверсальные компетенции в научной литературе, на основе закономерностей их применения в процессе обучения, научно доказано, что они отличаются от одной сферы деятельности к другой быстрой адаптацией, играют ключевую роль в достижении успехов на современном рынке труда.

Анализируя труды зарубежных ученых, была составлена система трансверсальных компетенций, определены пять основных компонентов и их содержательная специфика.

Кроме того, он был проведен на основе опроса исследовательского проекта. В исследовании приняли участие 50 студентов, в результате чего был выявлен и проанализирован уровень сформированности и развития трансверсальных компетенций при изучении дисциплины «Основы персонального развития».

Ключевые слова: Трансверсальные навыки, трансверсальные компетенции, критическое и инновационное мышление, высшее творческое мышление, коммуникативные компетенции, цифровая и информационная грамотность, рынок труда, формирование

FORMATION OF TRANSVERSAL COMPETENCIES OF STUDENTS IN THE STUDY OF THE DISCIPLINE "FUNDAMENTALS OF PERSONAL DEVELOPMENT"

*Aldibekova Sh.N.¹, Kapsanova G.B.²,
Zhubandykova A.M.³

*¹c.p.s., senior lecturer, KazUIRWL named after Abylai Khan,
Alaty, Kazakhstan
e-mail: sholpa_2811@mail.ru

²m.b.s., senior lecturer, KazUIRWL named after Abylai Khan,
Almaty, Kazakhstan
e-mail: kapsanova_g@mail.ru

³c.p.s., acting ass. professor, KNWPU,
Almaty, Kazakhstan
e-mail: akgul71@mail.ru

Abstract This article examines the importance of developing modern transversal competence of students in higher education institutions, as well as the level of development and opportunities for developing transversal skills of future specialists in the discipline "Fundamentals of personal development". development". The components and methods of transversal competencies aimed at forming students as a competitive personality in accordance with the education system in higher educational institutions that meet the requirements of modern society are analyzed. Currently, a set of the following transversal competencies is relevant: critical and innovative thinking, higher creative thinking, communicative competencies, digital and information literacy, quick solution of situations, the ability to work in a team and a team, creative thinking, defined as necessary for the introduction of ideas into a new education system, innovative project management, market analysis, creating business models, stress tolerance, perseverance, motivation, empathy, honesty, global citizenship, awareness, tolerance, openness, respect, intercultural

understanding, the ability to resolve conflicts, respect for the environment, etc. were systematized. "The skills of the 21st century, transversal competencies and the relationship between "soft skills" and "global skills" and "survival skills" will be analyzed.

Transversal competencies in the scientific literature are analyzed, based on the patterns of their application in the learning process, it is scientifically proven that they differ from one field of activity to another by rapid adaptation, and play a key role in achieving success in the modern labor market.

Analyzing the works of foreign scientists, a system of transversal competencies was compiled, five main components and their content specifics were identified.

In addition, it was conducted on the basis of a survey of a research project. The study involved 50 students, as a result of which the level of formation and development of transversal competencies in the study of the discipline "Fundamentals of personal development" was identified and analyzed.

Key words: Transversal skills, transversal competencies, critical and innovative thinking, higher creative thinking, communicative competencies, digital and information literacy, labor market, formation

Статья поступила 22.04.2024